



Ағылшын тілінен аударма

EUROPEAN COMMISSION

[CHECK AGAINST DELIVERY]

Жозе Мануэль Баррозу

Еуропалық Комиссияның Президенті

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан
Назарбаевпен кездесу қорытындысы бойынша
Президент Баррозудың мәлімдемесі**

Брюссель, 9 қазан 2014 ж.

Қайырлы күн, ханымдар мен мырзалар,

Мен Президент Назарбаевпен Брюссельде, Еуропалық Комиссияда кезекті рет кездескеніме қуаныштымын. Осы соңғы жылдары біздің әріптестік әлдеқайда нығайды және байланыстар қарқындады.

Қазақстан бүгін ЕО үшін тауар айналымының деңгейі және экономикалық сала бойынша ғана емес, бүкіл өңірде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды әріптес болып табылады және біздің ынтымақтастығымыз ұлғаюда.

Соңғы рет мен Президент Назарбаевті осында, Брюссельде, 2010 жылы кездестірдім және кейін тағы бірнеше рет кездестім. Біз кеңейтілген Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім жөнінде келіссөз жүргізу арқылы біздің қатынастарымызды күшейту қажеттігін талқыладық.

Бүгін мен келіссөзді біз табысты аяқтадық деп хабарлауға қуаныштымын. Бұл басты жетістік және біздің екіжақты қатынастарымыздың маңыздылығын мойындау болып табылады.

Президент Назарбаев, мен Сізге осы мақсатқа жетудегі тұрақты саяси басшылығыңыз үшін алғыс айтамын. Сонымен қатар, мен оны Қазақстан, Еуропалық Комиссия және Еуропалық Одақтағы жүзеге асыруға үлес қосқан барша қауымға алғыс айтқым келеді.

Бұл Келісім саяси, экономикалық және стратегиялық қатынастарды нығайтуға, сондай-ақ Қазақстан мен ЕО арасындағы тауарлармен алмасу, қызмет көрсету, инвестицияларға ықпал ететін болады және саяси реформалар, құқықтық реттеу және экономика реформаларына, сондай-ақ Қазақстанды жаңғыртуға және оның игілігіне үлес қосады.

Сонымен, саяси маңыздылығынан басқа, бұл Келісім біздің азаматтарымыз бен компанияларымызға айтарлықтай пайда әкеледі:

Біріншіден, өсіп келе жатқан экономикалық қатынастарды одан әрі нығайтады. Соңғы он жыл ішінде ЕО Қазақстанның әлемдегі бірінші сауда әріптесі, сондай-ақ Қазақстанның барлық ТШИ жартысына дерлік оның бірінші шетелдік инвесторы болып табылады.

Осыған байланысты мен бүгін Экспорттық баждар туралы келісімге Министр Айтжанова мен Комиссия мүшесі Де Гюхт қол қоюымен, Қазақстан мен ЕО Қазақстанның ДСҰ-ға кіру шеңберінде нарыққа кіру жөніндегі өздерінің екіжақты келіссөзін аяқтайтынын мәлемдегім келеді. Бұл үдеріс әлі аяқталған жоқ, себебі Қазақстан басқа әріптестермен келіссөздерін жалғастырады, бүгін ЕО Қазақстанмен екіжақты мәселені қорытындылағанын растайды және біз Қазақстанның ДСҰ-ға кіруін қолдаймыз.

ӘЫК және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі саяси және экономикалық диверсификацияның және Қазақстанның әлемдік бірлестікке одан әрі кірігуінің бір тізбегінің бөлігі және торабы болып табылады.

Екіншіден, біз ӘЫК арқылы энергетикалық ынтымақтастығымызды күшейтуге үміттенеміз. Қазақстан ЕО үшін аса маңызды және сенімді энергетикалық әріптес болып табылады, ол ЕО-ның мұнайға шамамен 5-6% сұранысын қамтамасыз етеді.

Бұл жаңа Келісімге пайдалы қазбалар мен энергетика жөніндегі, ДСҰ мен Энергетикалық Хартия Шартының міндеттемелерінің шеңберінен тыс шығатын ережелерімен қоса тарау кіреді.

Үшіншіден, біз Қазақстанның адамдар арасындағы байланысты дамыту мақсатын бөлісеміз. 2010 жылғы сәуірден бастап күшіне енген ЕО Визалық кодексі ЕО-ға баратын Қазақстан азаматтарының қысқа мерзімді визаларын беруді оңайлатады. Біз жаңа Келісім шеңберіндегі көші-қон мәселелері жөніндегі ынтымақтастығымызды дамытуға қуаныштымыз.

Және бұл келісім халықаралық қатынастар – нөлдік сомамен ойын емес; Еуропа Кеден Одағының мүшелерімен, егер олар оны қаласа күшті және негізгі қатынастар құруға ашық екенін көрсететінін атап өткен маңызды. Сондықтан мен бүгінгі келісім маңызды белгілеуші шара болып табылады деп есептеймін. Мазмұнынан басқа, бұл Кеден Одағының елі Еуропа Одағымен қатынастарды әзірлейтінін және нығайтатынын көрсетеді. Еуропаның осы бөлігіндегі, сондай-ақ тұтас өңірдегі ахуалды ескере отырып, бұл аса маңызды деп ойлаймын.

Осыған байланысты, мен бүгін талқыланған Украинадағы жағдайға қатысты Қазақстанның және Президент Назарбаевтың теңгерімді ұстанымын атап өткім келеді. Біз екеуіміз Украинаның егемендігін толық құрметтей отырып, шиеленістің бейбіт жолмен шешілуін қолдаймыз. Мен Сізге, Президент Назарбаев мырза, өңірдің осы бөлігіндегі ахуалға қатысты өзіңіздің көзқарасыңызбен бөліскеніңізге алғасымды айтқым келеді.

Президент Назарбаев,

Сонымен қатар, келесі аптада Миландағы АСЕМ Саммитіне Сіздің қатысуыңызға мен қуаныштымын. Біз Сізбен келесі аптада тағы да кездесеміз. Қазақстан Орталық Азия елдерінің арасында АСЕМ әріптесі болатын тұңғыш мемлекет! Біз Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы ынтымақтастық, сауда мен транзит мәселелерінде маңызды рөл атқаратынына сенімдіміз.

Сіз Еуропа континентіндегі және одан тыс аймақтарда ынтымақтастық, инклюзивтік, өзара пайдалы шешімдерді жылжытуда Еуропалық Одаққа әріптес ретінде әрдайым сенім арта аласыз.

Сіздің Еуропалық Комиссияға және Брюссельге ресми сапарыңыз үшін тағы да алғыс айтамын және мен бүгін біздің алдыңғы жүйелі саяси кездесулеріміздің нәтижелері бойынша пікір алмасуымыздың деңгейіне ризашылығымды білдіргім келеді.

Назарларыңызға рақмет.